




НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

6-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



ОҚУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ ОЙЛАНТАДЫ

9-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



БАБАЛАР САЗЫ АСҚАҚТАДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҮКІМЕТ ЖӘНЕ ӘКІМДЕР ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ӨЗГЕРТУГЕ БАСА НАЗАР АУДАРУҒА ТИІС. ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ТЕТІКТЕРДІ ҚАРАСТЫРҒАН ЖӨН. БАСТЫ МАҚСАТ – АЗАМАТТАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ. ЖҰМЫСТЫ ДҰРЫС ҮЙЛЕСТІРЕ БІЛСЕК, БҰЛ – ҚОЛДАН КЕЛЕТІН ШАРУА.

№106
(4694)

Бейсенбі
5 қыркүйек
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ

Астанада цифрлық технологияларды дамыту аясында Ұлттық жасанды интеллект орталығын құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл туралы Ukimet Telegram-арнасы хабарлады.

Мамандар орталықты мазмұн жағынан толтыру жұмысына кіріскен. Бұл ретте экономиканың барлық саласы мен «Электронды үкіметке» арналған жасанды интеллект саласындағы өнімдерді әзірлеу жұмысы қолға алынған.

МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Халықаралық кинология федерациясының (FCI) бас комитеті қазақтың тазысын ресми түрде ит тұқымы деп алдын ала тану туралы шешім қабылдады. Қазақстанға тазы тұқымының иесі деген мәртебе берілді.

Бұл шешім – қазақы тазы тұқымын халықаралық деңгейде толық тану, яғни мойындау алдындағы негізгі әрі соңғы кезең. FCI президенті Тамаш Яккель барлық қазақстандыққа жағымды жаңалықты жеткізіп құттықтап, құзырлы ұйымның еліміздегі тазы тұқымының жүйелі дамуын бақылап отыратынын мәлім етті. Алдағы 10 жылда иттердің денсаулығына көптеген тест жасалып, жаңадан туған тазы күшіктерінің статистикасы жүргізіледі.



3 қыркүйек күні V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қарсаңында «Ұлы дала жорығы» халықаралық марафон бәйгесі басталды.

БОТАЙДАН АТПЕН ШЫҚТЫ БАС ҚАЛАҒА

17 команда таңғы сағат 7:00-де Солтүстік Қазақстан облысы Ботай қонысынан жорықты бастап, 100 шақырым жолды басып Ақмола облысының аумағындағы Лесное елді мекенінде аяқтады. Осылайша жорық басталған бірінші күннің нәтижесі

бойынша Қырғызстан командасы жеңімпаз атанды. Жамбыл облысының шабандоздары мәре сызығына екінші болып жетсе, үздік үштікті Алматы қаласының командасы түйіндеді. Жорықтың жол қашықтығы 500 шақырымды құрайды. Басып

өтетін бағыт Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы және Астана қаласын қамтиды. Марафон 7 қыркүйекте Астанада аяқталады. Ал жарыстың екінші кезеңі – Лесное ауылынан басталатын жорық Атбасар елді мекеніне барып тоқтайды.

АЭС-ті КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ САЛАДЫ?

Қазақстанда АЭС салу мәселесі тәуелсіздік алғалы бері күн тәртібінде арагідік қаралып келе жатса да, биыл қоғамда қызу талқылана бастады. Жуырда Мемлекет басшысы жалпыұлттық референдум биыл 6 қазанда өтетінін айтып, арнайы Жарлыққа қол қойды. Осы орайда атом энергетикасы қарқынды дамыған әрі елімізге АЭС салуға ұсыныс берген елдердің тәжірибесін сараптап көрдік.

7



ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ

Биыл «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Грант бағыттарының тізбесіне еріктілер қосылды. Осылайша грант 6 бағыт бойынша беріледі. Оның ішінде «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа», «Волонтерлік» бағыттары бар. Грант мөл-

шері – 3 млн теңге. Оған конкурстық негізде 14 жастан 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда) қазақстандықтар үміткер бола алады. Конкурсқа өтінімдерді қабылдау 5 тамыздан 6 қазанға дейін жалғасады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 532.7 \$ USD/KZT 482.74 ₸ RUB/KZT 5.44 ¥ CNY/KZT 67.79

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық жөнінде кеңес өткізді. Жиында ұлттық құраманың, спорт кешендердің, қонақ үйлер мен мәдениет орындарының дайындық барысы, сондай-ақ қоғамдық көлік, қауіпсіздік және тазалық мәселелері пысықталды.

Президент Көшпенділер ойындары ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі жарыс екенін атап өтіп, оны жоғары деңгейде ұйымдастыру, халқымыздың терең тарихы мен мәдениетін, қонақжайлылығын көрсету, меймандар мен спорт-

шыларға қажетті жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды.

Кеңесте Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Туризм және спорт министрі

Ербол Мырзабосынов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады.

ЕЛОРДАНЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАМТЫЛҒАН

Парламент Мәжілісінің қарауына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы келіп түсті.

«Аталған заң жобасы Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге бағытталған. Құжатта жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреттерін, оның ішінде Астананың санитарлық қорғау «жасыл» аймағын басқару қағидаларын орнату, қалалардың

сыртқы келбетіне бірыңғай дизайн-кодты бекіту, қоғамдық орындарда жарнаманың жеке-леген түрлеріне шектеулерді енгізу, жер учаскелерін қайта рәсімдеу тәртібі нормаларын нақтылау көзделген» деп түсіндірді Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов палатаның жалпы

отырысында. Сонымен қатар ол Астанадағы көші-қонды реттеу тетіктерін жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы қызметке қойылатын талаптарды күшейту ұсынылғанын айтты. Мәжілістің құзырлы комитеті аталған заң жобасын талқылауға алып, ол бойынша қорытынды әзірлейді.



БАҒАНЫ ӨСІРГЕНДЕР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Сауда және интеграция министрлігі АҚБТК-ке әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне сауда үстемесін асырғаны үшін бизнес өкілдеріне әкімшілік жазаны қатаңдату жөнінде түзету әзірледі.

Сауда және интеграция министрінің бірінші орынбасары Айжан Бижанова әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру жөніндегі кеңесте өзгерістер жобасы бойынша

реттеушілік әсерге талдау жүргізілгенін, құжат жақында Мәжіліске жіберілетінін айтты.

«Қолданыстағы заң бойынша әлеуметтік азық-түлік өнімдеріне 15 пайыздан артық үстеме қосуға болмайды.

Кәсіпкердің заңды бұзғаны анықталған жағдайда, бірінші жолы ескерту беріледі. Өзгерістер осы ескертуді 5-тен 150 АЕК-ке дейінгі айыппұлға ауыстыруды көздейді» деді А.Бижанова.

Құзырлы ведомствоның мәліметінше, әлеуметтік өнімдерге сауда үстемесін асырғаны үшін 2023 жылдың 8 айында 760 қаулы, ал биыл жыл басынан бастап 29 тамызға дейін 11,8 млн теңге сомасына 2807 әкімшілік қаулы шығарылған. Яғни былтырғыдан 4 есеге көбейіпті.



РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚТЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.

Президентке жаңартылған заңнамаға сай республикалық референдумға дайындық және ұйымдастыру жұмыста-

ры жөнінде мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Орталық сайлау комиссиясының даму стратегиясын іске

асырудың негізгі аспектілері баяндалды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент То Ламды Вьетнам Социалистік Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Қазақстан Президенті өз жеделхатында Вьетнамның өркендеген мемлекет және үйлесімді қоғам құру жолында айтарлықтай жетістікке жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысы

екі ел арасында өзара сенім мен серіктестікке негізделген достық байланыс орнағанына тоқталды. Сонымен қатар елдеріміздің игілігі жолында нәтижелі ынтымақтастықты

одан әрі дамытуға бейілді екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламның жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Вьетнам халқына бақ-береке тіледі.

МИНИСТРГЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновты қабылдады.

Президент жаңадан тағайындалған министрге бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, спорт саласының барлық деңгейінде бірыңғай

басқару вертикалін қалыптастыру, бапкерлер құрамын күшейту, саланы ғылыммен ұштастыру бағытында міндет жүктеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы

министрден биыл маусым айында өткен Туризмді дамыту жөніндегі кеңесте берілген тапсырмалары бойынша нәтижелі жұмыс күтетінін айтты.

ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ

Бұдан былай дәрілік заттарды және кез келген әуе билетін қайтаруға болады. Кеше Мәжіліс мақұлдаған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» жаңа заң жобасына сәйкес, сотқа дейінгі сатыда тұтынушылардың талаптарын орындамаған кәсіпкерлерге айыппұл салынады.

Құқығы бұзылған және мәселесі сотқа дейінгі сатыда шешілмеген тұтынушының талаптарын кәсіпкер өз еркімен орындамаса, сот сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) айыппұл өндіріп алады.

Онлайн-саудада да тұтынушылардың құқығы қорғалады. Сатушының үстінен тұтынушы шағым түскен кезде электронды сауда алаңы тұтынушының құқығын қалпына келтіру ша-

раларын қабылдауы керек. Сондай-ақ тұтынушылар қауымдастығы ұсынған құқықтық кемшіліктер жойылды:

- кәсіпкерлік субъектілердің «Е-tutynushy» ақпараттық жүйесіне міндетті емес тіркелу туралы нормасы алынып тасталды;
- қайтаруға жатпайтын тауарлар тізімінен медициналық бұйымдар, ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары алынып тасталды;

- әуе билеттерін сатып алу және туристік қызмет көрсету туралы шарттар бойынша 100 пайыз қайтарылмайды деген ұғым алынып тасталды;

- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне тауарлар мен қызметтерді бақылау сатып алу мүмкіндігі берілді;

- несиеге сатып алған тауарларды қайтару шарттары белгіленді.



ЖОЛДАУ АРТҚАН МІНДЕТТЕР

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының «КИСИ GPS: Gulum. Pikir. Sayasat» алаңында сарапшылармен кездесті. Онда қатысушылар Мемлекет басшысының елдің одан әрі орнықты дамуына арналған Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асырудың негізгі басымдықтарын талқылады.

Мәулен Әшімбаев биылғы Жолдау стратегиялық сипатқа ие екенін және ел дамуының негізгі салаларын қамтитынын атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының Үкімет, Парламент және мемлекеттік органдарға жүктеген міндеттерін іске асыру жолында барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың бірлесіп жұмыс істеуі аса маңызды екеніне назар аударды.

«Президентіміз Үкіметке бюджет қаржысын тиімді пайдалану және оның шығыс бөлігін қатаң бақылауда ұстау жөнінде пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Ұлттық қорды тиімді басқару және бюджетаралық қатынастарды оңтайландыру міндеті жүктелді. Бұл бағыт та жергілікті жерлерде қаражатты тиімсіз пайдалануды болдырмау үшін жетілдіруді қажет етеді. Осы орайда салық саясаты сапалы экономикалық өсуді ынталандыратын тетік болуға тиіс» деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат төрағасы инвестициялық ахуал мен бизнеске қажетті жағдайды жақсарту ұлттық экономика-

ны жаңа деңгейге көтеретінін айтты. Осы тұрғыдан келгенде, отандық ресурстарды белсенді пайдалану, ірі кәсіпорындар мен аралас өндірістер кооперациясын дамыту және өңірлердегі инфрақұрылымды жетілдіру ерекше мәнге ие.

«Мемлекет басшысы облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеу бағдарламасының ауқымын кеңейтіп, соның аясында кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырды. Одан бөлек, Үкімет жыл соңына дейін энергетика және коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны қабылдауға тиіс. Жолдаудағы негізгі ерекшеліктердің бірі биылғы 6 қазанда атом электр стансасын салуға қатысты жалпыұлттық референдум өткізу мәселесі екені анық. Бұл референдум маңызды шешімдерді азаматтардың қатысуымен қабылдау арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың жарқын көрінісі болары сөзсіз» деді Палата спикері.

Осы орайда Мемлекет басшысы анықтап берген міндеттерді іске асыру кезінде кешенді тәсілдің маңызы зор. Мәулен Әшімбаев Парламенттің аталған мақсаттарға қол жеткізу кезіндегі рөліне тоқталды. Сондай-ақ Сенаттың төуелсіз сарапшылармен және ғылыми мекемелермен бірлесіп жүзеге асырып келе жатқан ғылыми-сараптамалық әлеуетті күшейту тәжірибесіне назар аударды. Мұндай қадам тиімді және өзекті заңнамалық бастамалар әзірлеуге жол ашады.

«Біз сарапшылардың тиімді және өзекті заңнамалық бастамалар әзірлеуге ықпал ететін ұсыныстары мен идеяларын әрдайым ескеруге тырысамыз. Қазір Парламенттің алдында Мемлекет басшысы жүктеген тапсырмаларды іске асыруға арналған сапалы заңдар қабылдау міндеті тұр. Бұл істе сарапшылар клубы және басқа да алаңдар аясында сарапшылармен жұмыс жандана түседі. Осы ретте бұл талқылау да Парламенттің заң шығару қызметінің сапасын арттыруға ықпал етеді деп сенемін» деді Мәулен Әшімбаев.

ҚИЫНДЫҚТА ҚОЛДАЙДЫ

Елордалық «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар үшін психологиялық тренинг өтті.

Тренинг отбасы апталығы аясында отбасы байланысын нығайту және өмірлік қиындықтарды жеңу дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

«Біздің қолдау орталығы 2019 жылы отбасы институты ретінде ашылды. Содан бері біз отбасыларға психологиялық,

қаржылық және құқықтық сияқты өмірлік қиындықтардың әртүрлі кедергілерін жеңуге көмектесеміз. Отбасы күні қарсаңында «Отбасы күші: қиын кезеңдерде қолдау және өсу» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Тренинг барысында отбасындағы қатынастар, қаржылық және құқықтық

қиындықтар мәселелері қозғалды» деді «Жанұя» орталығының директоры Бақтияр Айтпаев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай терапия әлеуметтік бейімделу және қиын жағдайға тап болған адамдардың өміріндегі кедергілерді жеңу үшін қажет. Психологиялық тренингке 25 отбасы қатысты.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ТЫСЫН ЕМЕС, МАЗМҰНЫН ӨЗГЕРТЕЙІК

Жақында Әділет министрлігі туу туралы куәлікті қорғау талаптарына өзгеріс енгізілетін бұйрық дайындағаны туралы ақпарат шықты. Құжат 12 қыркүйекке дейін жария талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында орналастырылған. Бұйрыққа сәйкес, туу туралы куәліктің бланкі қазақ ою-өрнектерін пайдалана отырып әшекейлеп шығаратын көрінеді. Бірақ мәселе туу туралы куәліктің қаптамасында, сыртқы көрінісінде емес, мазмұнында тұрғанын әлі күнге дейін ескермей келеміз.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Ең әуелі осы құжаттың атындағы «тууралы» деген сөз артық, «туу куәлігі» десе жұрт толық түсінеді әрі қазір солай қолданып та жүр. Бұл – бір.

Екіншіден, бұл куәлік қазақ тілінің заңдылығына, ұлттық салт-дәстүрге бағындырып

жасалмай, Кеңес Одағы кезіндегі үлгіні пайдаланып, алдымен тегін, одан соң атын, соңғы орынға әкесінің атын жазған. Әрине, бұл еуропалық дәстүр бойынша орынды сияқтанғанмен, біздің ұлттық менталитетімізге сәйкес келмейді. Өйткені қазақ ұғымы бойынша адамның алдымен аты, одан соң әкесінің аты, одан кейін барып тегі ата-

луы тиіс. Бұл мәселені 1924 жылы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» Алаш зиялылары көтеріп, сол күннен бастап қазақ тілінің заңдылығы бойынша ұлы/қызы деп жазуға келіскен. Бұрын есімінің соңына ов, ев қосып жүрген Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов сол күннен бастап Байтұрсынұлы, Бөкейханұлы деп жазғанын

олардың қолжазбаларынан көріп-біліп отырмыз. Оның үстіне, 1996 жылы қазақ кісі есімін қазақ ұлтының менталитетіне бейімдеп жазу туралы Президенттің бұйрығы да шыққан. Екінші тұрғыдан алғанда, туу куәлігін қазақы ұғымға бағындыра отырып жазсақ, ұғым шатастығы тумас еді. Мәселен, қазір мені көп жерде Ағылан деп шақырады. Себебі бірінші орында атым емес, тегім жазылғандықтан, жұрт мені Қалиакбар деп емес, Ағылан деп атауға әуес.

Үшіншіден, бұл қазақы дәстүрге жат. Қазақтың келіндері ешқашан атасының атын атамаған. Оның астарында бүкіл ұлттың ұяты жатыр деп түсінді біздің қазақ. Сосын

да әдепті қазақ келіндері ат тергеу ілімін қалыптастырған. Өкіншіке қарай, кеңес билігі осы бір ұлттық құндылығымызды бұзып, келіндерге ата-сының атын баттатып тұрып айтатын деңгейге жеткізді. Бұл үдеріс қазір де жалғасын тауып келеді. Өйткені қазір қайсы орынға барсаңыз да туу куәлікке қарап, фамилиясы бойынша шақырады. Бірде дәрігердің әйеліме «Мамасы, Үсемханды еміздің бе?» деп сұрап, ұяттан жерге кіргізгені бар. Өйткені реті бойынша баламның аты-жөні «Үсемхан Хақназар Қалиакбарұлы» деп жазылған. Егер Хақназар Қалиакбарұлы Үсемхан деп жазылса, жоғарыдағыдай ұятты жағдай болмас еді.

Төртіншіден, куәлікте «азамат (ша)» деп жазу дұрыс па? Өйткені «ша» жұрнағы әйел деген ұғымды білдірмейді. Ер мен әйел бірдей азамат болып саналатынын саналы жұрттың бәрі біледі. Оның үстіне қазақы кісі есімдерінен көбінде оның жынысы аңғарылып тұрады.

Қысқасы, туу куәлігі – бір адамның ең алғашқы құжаты ғана емес, одан сол ұлттың бітім-болмысы да аңғарылып тұратын маңызды куәлік. Ендеше оған қазақы ұғымға сай өзгерістер енгізетін мезгіл жетті. 30 жылда аты-жөнімізді дәстүрімізге сай дұрыстап жаза алмасақ, ол да елдігімізге сын!

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖОЛЫ

Президент Жолдауын орындау мәселесі бойынша өткен Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжас Бектенов әлеуметтік саланың бірқатар негізгі бағытына кешенді өзгерістер қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ ол өзара іс-қимылдың теңгерімді тетігі ғана тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ететінін айрықша атап өтті.

Премьер-министр Олжас Бектенов Оқу-ағарту министрлігінің алдына 1 желтоқсанға дейінгі мерзіммен тиісті міндет қойды. Жыл соңына дейін халықтың табысын ескере отырып, мектепке дейінгі білім беруге арналған жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар жобасын әзірлеу тапсырылды.

міндеттерінен туындағанын атап өтті. Атом энергетикасы саласындағы мамандарды даярлауға ерекше назар аудару қажет, – деді ол.

Үкімет басшысы денсаулық сақтау саласындағы жұмыстың негізгі бағыттарын атап өтті. «Мемлекет басшысы міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыруға бағытталған қаражатты жұмсау тиімділігіне ерекше назар аударды. Сон-

жоспарына жеке тоқталды. «Цифрлық даму министрлігіне еңбек, денсаулық сақтау, оқу-ағарту министрліктерімен, өңірлер әкімдіктерімен бірлесіп цифрлық төлем құралын енгізуді қамтамасыз ету 2025 жылғы 1 қаңтардан бастау тапсырылды. Тісінінше, 1 желтоқсанға дейін «Әлеуметтік әмиянға» кіретін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілуі тиіс, ал жыл соңына



– Әлеуметтік сектордағы негізгі міндеттердің бірі – білім беру міндеттерінің сапасын арттыру, оның ішінде инфрақұрылымды дамыту да қарастырылған. Қаржы министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, әкімдіктермен бірлесіп қаржыландыру көздерін айқындап, 1 желтоқсанға дейін Орта білім беру объектілеріне күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жоспарды бекіту қажет. Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл соңына дейін инженерлер, геологтар, көлік, аграрлық және су салаларының жұмыскерлері, сондай-ақ ғалымдар мен басқа да мамандықтардың өкілдері үшін құрметті атақтарды қосу бөлігінде «Мемлекеттік наградлар туралы» заңға өзгерістер әзірлеп, енгізуі керек. Ғылыми тағылымдамаларға гранттарды бөлу кезінде инженерлік-технологиялық бағыттарға басымдық берілуге тиіс. Премьер-министр Ғылым министрлігінің алдына салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп тиісті міндет қойып, бұл шешім елдің ғылыми-технологиялық даму

дықтан осы міндетті орындау үшін Денсаулық сақтау министрлігі жыл соңына дейін базалық медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру жұмысын аяқтасын» деп атап өтті Премьер-министр белгіленген мерзімде тиісті заңнамалық өзгерістер енгізу және қабылдау қажеттігін ескертіп.

Бұдан бөлек, Премьер-министр Денсаулық сақтау және Цифрландыру министрліктері бірыңғай медициналық ақпараттық жүйенің құрылуын қамтамасыз етуді; денсаулық сақтау және білім беру саласына жеке инвестициялар тарту үшін Ұлттық экономика министрлігі Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Жоғары білім министрліктерімен бірлесіп, жыл соңына дейін МЖӨ тетігін пайдалану өзгерістер әзірлеп, енгізуі керек. Ғылыми тағылымдамаларға гранттарды бөлу кезінде инженерлік-технологиялық бағыттарға басымдық берілуге тиіс. Премьер-министр Ғылым министрлігінің алдына салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп тиісті міндет қойып, бұл шешім елдің ғылыми-технологиялық даму

дейін қажетті заңнамалық өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс аяқталады» деді ол.

Премьер-министр министрліктердің заңнамалық деңгейде сапалы жұмыс істеуі үшін Парламент депутаттарымен сындарлы ынтымақтастықты жаңадандыру маңызды екенін атап өтті.

«Қабылданып жатқан шаралардың барлығы дәйекті түрде әрі мемлекеттік органдар мен экономика секторлары арасында үйлесімді іске асырылуы тиіс. Өзара іс-қимылдың теңгерімді тетігі ғана тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Біздің әрбір қадамымыз ортақ нәтижеге – халқымыз бен еліміздің әл-ауқатына бағытталуға тиіс. Президент Жолдауының іске асырылу нәтижесін қазақстандық әрбір азамат сезінуі керек».

Олжас Бектенов Ұлттық экономика министрлігіне Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың жобасын тез арада Үкімет отырысының қарауына енгізуді тапсырды.

№106 (4694) 05/09/2024 Бейсенбі



Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:

ӘР ЖОЛДАУ – АЛҒА ДЕГЕН ҚАРҚЫНДЫ ҰМТЫЛЫС

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады.

Бұл еліміздің болашақ бағдарын қамтыған ауқымды кең, мазмұны терең Жолдау болды. Жалпы әр Жолдау – алға деген қарқынды ұмтылыс. Президент лауазымына кіріскен күннен бастап Қасым-Жомарт Кемелұлы ауқымды стратегиялық реформаларды қолға алған болатын. Биылғы Жолдау – сол реформалардың заңды жалғасы. Осылайша, Мемлекет басшысының экономика, саясат пен идеология саласын қатар реформалауға бағытталған стратегиялық бағдары үздіксіз іске асуда. Сондай-ақ бұл Жолдау қоғамды толғандырып отырған ең өзекті проблемаларға нақты жауап дер едім. Депутаттар күні кеше өңірлерден оралды. Біз халықтың сұранысын, талап-тілегі мен мұң-мұқтажын, елдегі жағдайды жақсы білеміз. Осы орайда Президенттің ұстанымдары мен бастамалары халықтың сұранысымен толық үндесіп тұр деп айта аламыз.

Мемлекет басшысы онда ел дамуы үшін маңызды 9 стратегиялық бағытты айқындап берді. Олардың қатарында ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою, инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу, кадрлық әлеуетті арттыру, ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алу, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту, экологиялық ахуалды жақсарту, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін арттыру және қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру мәселелері бар.

Президент Парламент депутаттары алдына да аталған стратегиялық бағыттарды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету бойынша бірқатар нақты міндет қойды. Шағын және орта бизнесті жеткілікті деңгейде қолдау, ауыл шаруашылығын қаржыландыру, банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау, салық саясатын қайта қарау мен бюджет тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған маңызды шаралар айтылды. «Банктер туралы» жаңа заң қабылдау жөнінде тапсырма беріп, елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясатын жетілдіруді заңмен реттеуді жүктеді.

Сонымен қатар Президент Ұлттық қор қаражатын тиімді пайдалану бойынша алдымызға зор міндет қойды. Қаражат шетелдік қаржы институттарына емес, ел мүддесіне қызмет етуі керек. Осы қадамдардың барлығы экономиканың өсуіне зор серпін бермек. Президент айтқандай, әлеуметтік теңсіздікті азайтып, орта тапты күшейте түседі. Ал мықты орта тап – мықты мемлекетке айналуының кепілі.

Мемлекет басшысы халықты толғандырып отырған ең маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу ерекше мән беріп отыр. Соның ішінде «Жайлы мектеп» жобасына жеке тоқталды. Президенттің осы серпінді жобасының толыққанды іске асуына депутаттар барынша атсалысатын болады.

Сондай-ақ Жолдауда бұқаралық спортты дамытуға да ерекше көңіл бөлінді. Мемлекет басшысы осы саланы реттейтін заңнаманы жаңартуды тапсырды. Қазір Мәжілісте дене шынықтыру туралы заң жобасы қаралып жатыр. Бұқаралық спортты дамыту мәселесін осы заң аясында қарастырамыз.

Жалпы қазір ел экономикасын білікті кадрлармен қамтамасыз ету күрделі болып тұр. Әсіресе су саласы мамандары, құрылысшылар, энергетиктер, ветеринарлар тапшы. Болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін де кадрлар даярлау керек. Осы орайда Президент елдің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру бойынша үлкен міндеттер қойды. 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп дөп басып жариялады. Бұл – қарапайым жұмысшылар үшін үлкен мотивация.

Қоғамда АЭС салу мәселесі осы кезге дейін жан-жақты талқыланып келе жатқан болатын. Мемлекет басшысы Жолдауда осы таңдырешті мәселеге де арнайы тоқталып, 6 қазан күні АЭС салу бойынша жалпыұлттық референдум өткізу туралы мәлімдеді. Ал түпкілікті шешімді халықтың өзі қабылдайды. Бұл – Мемлекет басшысының берік ұстанымы. Осы шаралар – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты нәтижесі. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Қазір жаһандық геосаяси ахуал күрделі. Әлемде, Қазақстанда түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осынау алмағайып кезеңде мемлекетіміз дамуың жаңа бағдарын айқындап, сол жолмен сенімді қадам басып келеді. Ол – Президент айтқандай, Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстан құру жолы. Біз осы алған бағытымыздан таймауымыз қажет. Заң мен тәртіп үстемдік құрып, бірлігі бекем біртұтас ұлтқа айналуымыз керек. Бұған Мемлекет басшысының Жолдауда көтерілген бастамалар мен қойылған міндеттердің орындалуы нақты мүмкіндік беретініне сенімдімін. Депутаттар бұл тапсырмаларды орындауға білек сыбана кіресіңдер.



Айбар ОЛЖАЕВ,
экономист, қаржы саласының сарапшысы:

ҚАРЖЫ САЛАСЫН ДА ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауын әдемі дипломатиялық әдіспен алып шықты. Ол әдіс «қос транзакция» деп аталады. Президенттің басында дайын болып келген мәтінді осы әдіспен өзі қайта жазып шыққанын аңғаруға болады. Яғни түсінуі тиіс адамдар нақты түсінді, ал қаржы секторынан тыс адамдар бұл мәселеге ағынына кіре алмады. Оның барлығы қаржы секторына байланысты. Демек, келесі жылдан бастап коммерциялық қаржы нарығы мен мемлекеттік қаржы секторында бізді елеулі өзгерістер күтіп тұр.

1. Банктер енді экономикаға жұмыс істейді. Егер олар көнбесе, шетелден корпоративті секторды қаржыландыруысы келетін көптеген ойыншы шақырылады. Банк қызметі туралы жаңа заң жасалады да, оған базалық және универсалды регулятив енгізеді: тек байығысы келетін, қожайын дивидендтен дәмте беретін сараңдау банктерге заңдық пруденциалды талап қатал болады да, ал экономикаға қаржы салғысы келетін, энтузиазмы жоғары (шетелдік) банктерге талаптар өте жеңіл болады. Ал салық мөлшері (КІПН) қожайыны алатын дивидендке қатысты болмақ. Яғни акционері банкті сауын сиыр көретін банктер көбірек салық

төлемек. Ал экономикаға кредит беріп, кәсіпорындарды қаржыландырып, дивидендке тиіспейтін банктерге салық бойынша жеңілдіктер болады. Бұл арада банктерге мынадай емеурін жасалып отыр: экономикаға көмектесең, саған жақсы қараймыз. Ал халыққа онлайн тұтынушылық кредит қана беріп, одан табысты күреп алып, дивиденд алғың келіп тұрса, 25 пайыз салық төлеуге дайын бол.

2. Ұлттық қор. Инвестициялық бағыт қайта форматталмақ. Ұлттық қорда жатқан 60 миллиард доллар шетелдегі біреулерге арзан фондирование болмасын деді Мемлекет басшысы. Бұл, негізі, қиын жағдай. Біздің экономика 60 миллиард долларды қорыта алмайды. Ал Ұлттық қор агрессивті инвестицияға емес, тұрақты жинауға негізделген еді. Оны табыстылығы 1-2 пайыз болса да, 100 пайыз гарантиясы бар А класты шетелдік облигациялар арқылы қамтамасыз етіп келді. Енді оларды ауыздандырмай, өзіміздің экономикалық ойыншыларға 1-2 пайызбен валютамен беретін болсақ, ондай отандық бизнес ақшаның 100 пайыз қайтатынын қамтамасыз ету керек. Себебі Ұлттық қор – халықтың ақшасы. Бұл ретте Президентің вабанкқа барып отыр. Ұлттық қор

инвестициясымен экономикамызды керемет деңгейге көтеруге болады. Бірақ ол бизнес жауапты болып шықпаса, ақшамыз көзден бұл-бұл ұшары.

3. Нанға берген ақшаға тек нан сатып аласыздар. Енді АСП, пособияға тойға барып немесе кафеде отыра алмайсыз. Мемлекет нанға ақша берсе, оны тек нанға жұмсайсыз. Бұл – өте мықты шешім. Болашақта бюджеттің вертоллетті әлеуметтік көмегі қысқаратынын болжауға болады. Себебі нанға ақша алып отырған адамдардың біразына шын мәнінде нан керек емес. Ол әлеуметтік әмиян арқылы жасалады. Карточкаға теңге түспейді. Әмиянға түседі. Ол жерден тек белгілі бір төлемдер: азық-түлік, дәрі, коммуналды төлем жасайсыз. Қолға қағаз ақшаны банкوماتтан шығара алмайсыз.

Шыны керек, Мемлекет басшысы капиталистік социализм жасауда. Оның толық форматына 2028 жылдары келетін сияқтымыз. Ол жақсы ма? Әділ, жұмысын сүйетін, қарапайым, жауапты адамдар үшін қолайлы заман туады. Осы адамдар өседі. Жең ұшынан байланысуға үйреніп қалған, ауырдың үстімен жүретін, жемқорлау, алаяқтау адамдар үшін қиын заман келеді. Олар өшеді.



Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық құрылтай мүшесі:

ЭКОНОМИКАНЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – АСА ӨЗЕКТІ МІНДЕТ

– Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында үлкен логикалық байланыс бар екенін атап айтқан жөн деп білемін. Алғашқы Жолдауларынан бастап Президент басты міндет адами капиталдың сапасын жақсарту деп Үкіметке тапсырма берген болатын. Содан бері осы бағытта біршама ауқымды істер атқарылды. Қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі орта тап екенін ескерсек, Мемлекет басшысы осы жолғы Жолдауында да «Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек» деп атап өтті.

Сонымен қатар экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету аса өзекті міндет екеніне Үкімет назарын аударды. Ең алдымен, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда білікті кадр тапшылығын жою қажеттілігіне тоқталды. Уақыттан ұтылмас үшін болашақта сұранысқа ие болатын заманауи мамандар даярлау керек. Осы диспропорцияны жою мақсатында елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады және оларға мейлінше қолдау көрсетіп жатқанын Мемлекет басшысы ерекше атап өтті. Сондай-ақ маман

даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн және грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашыратып, оңды-солды тарата беруге болмайды деп қатаң ескертті. Жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыруды, ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек деп шегелеп айтты.

Мемлекет басшысы «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам» дей келе, 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Сондай-ақ бұл жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттау керектігіне назар аударды.

«Біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек ада-

мының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамуың сара жолына түседі» деп білім саласындағы нақты проблемаларға тоқтала келе, оны уақытылы шешу Үкіметтің алдындағы басты міндет деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Президент азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсат еңбек адамын ардақтау деп атап өтті.

«Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылады, еңбегінің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді, еңбек адамын абырой-беделін көтереді» деп әлеуетті бір қуаныш тастады.



Күләш МОЛДАХМЕТОВА,
Астана қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы аналар кеңесінің мүшесі:

ЖҰМЫСШЫЛАР ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біріккен Парламент отырысында халыққа «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты кезекті Жолдауын жариялады. Онда көп мәселе айтылып, халықтың ойынан шықты.

Маған ұнағаны – 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп атауы. Себебі еңбек адамдарының адал еңбегін бағалау – ең маңызды мәселе. Жас ұрпақты балабақшадан еңбекке баулу, мектепте орта білім, одан кейін кәсіби білім беру, осының бәрі адал еңбектің шыңына жетіп, білікті маман иесі атануы жолында ұстаздарға зор жауапкершілік және үлкен міндеттер жүктелді.

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам» дей келе, Президент алдағы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялап, осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалауды, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттауды тапсырды.

Расында да, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті әрі сыйлы. Біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы керек, өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттыратынын, сондықтан еңбек адамының мәртебесі көтеріліп жатқанын және бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайтынын, алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

Еліміздегі тұрғындардың үштен бір бөлігі жастар болса, оларға артылар міндет жоғары. Бүгінгі жас ұрпақ – еліміздің ертеңгі болашағы. «Ел боламын десек, бесіңді түзе» дегендей, тәрбие тал бесіктен басталуы керек.

Мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне, жалпы жұмысшы мамандықтарына құрметті күшейте отырып, біз осы салада табысты еңбек етіп жүрген тәжірибелі мамандардың, қатардағы жұмысшылардың мәртебесін көтереміз. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су

саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылатын қуаныш.

Жолдауда көтерілген мәселе көп, соның ішінде халықтың жанайқайына айналған өзекті проблемалардың бірі банк саясатын өзгерту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Жолдауда цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету, банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды екені орынды айтылды. Бір сөзбен айтқанда, банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет. Бұл ретте Президент Банктер туралы жаңа заң қажет екенін ұсынды.

Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалануға да айрықша тоқталған Мемлекет басшысы бұл бағытта автокөлік құрастыру және мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту жөніндегі нақты жобаларға басымдық берілетінін атап өтті. Бұл басымдықтарды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру еліміздің тұрақты экономикалық дамуына және еліміздің тұғырын нығайта түсетін серпін береді деп сенеміз.

ЭТНОАУЫЛ АШЫЛАДЫ

Астанада «Қазанат» ипподромының жанында 10 гектар жерде «Көшпенділер әлемі» этноауылы ашылады. Онда қазақ халқының тарихы мен көшпелі халықтардың өзіндік мәдениетімен танысуға болады.



7 қыркүйек күні сағат 11:00-де ашылатын этноауыл алты алаңнан тұрады. Орталық алаң, ұлттық ойындарға арналған балалар ойын алаңы, халық музыкасына арналған шатыр, ашық аспан астындағы көшпелі өркениеттер мұражайы, спорт іс-шаралары, ұлттық тағамдар, басты сахна, аймақтардың этноконьстары, қол-өнершілер базары бар арнайы қала. Сондай-ақ этноауыл аумағында көптеген кәдесый табуға болатын шығыс базары ұйымдастырылады. Еліміздің

200-ден астам қолөнершісі өз өнімін ұсынады.

Күн сайын этноауылда қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен дәстүрлерін көрсете отырып, «Шаттық керуені» атты үлкен шеру басталады. «Өнер ордасы» басты сахнасында күн сайын сағат 12:00-ден 17:00-ге дейін еліміздің түкпір-түкпірінен үздік өңірлік ұжымдарды таныстыратын «Думанды дала» концерті өтеді. Этнофольклорлық ансамбльдер, қазақ ұлттық оркестрлері, солистер мен би

ұжымдары дәстүрлі этникалық стильде өнер көрсетеді. Кешкі бағдарламада сағат 18:00-де қонақтарды қазақстандық эстрада әртістері мен халықаралық ұжымдардың, оның ішінде «Арқайым» аспаптық дуэті, «Бірлік» ән-би ансамблі және әлем халықтарының би солисі Анель Марабаева, «Хазар» этноотының, «Steppe Sons», «The Nomads Fire» жобасы және мультиаспапшы Еділ Құсайыновтың «Ұлы дала үні» гала-концерттері күтеді. «Өнер ордасы» басты сахнасындағы барлық концерт тегін ұйымдастырылады. Этноауылда туристер мен қонақтар дәстүрлі және ұлттық тағамдардан дәм тату үшін қазақ ұлттық тағамдарының мейрамханалары ұсынылады. Балалар үшін «Балалар алаңы» қарастырылған, онда олар көңілді және танымдық бағытта уақыт өткізе алады.

Көшпенділер ойындары аясында түрлі аудан бойынша 4 этноауыл құрылады. Есіл ауданының аумағында этноауыл «Бәйтерек» монументінің алаңында орналасады. Ол 6-13 қыркүйек аралығында жұмыс істейді. Алматы ауданының аумағында этноауыл «Қазақ елі» монументінің жанында орналасқан. Байқоңыр ауданының аумағында «Ататүрік» саябағында этноауыл ұйымдастырылады. Нұра ауданының этноауылы Орталық саябақта орналасады. Ол 5-13 қыркүйек аралығында жұмыс істейді. Концерттік бағдарлама этноауылдарда әр кеш сайын 8 қыркүйек пен 13 қыркүйек аралығында сағат 18:00-ден 20:00-ге дейін өтеді.

40 МЕТРЛІК МУРАЛ САЛЫНДЫ

Бас қалада «Таза Қазақстан» экоакциясына арналған 40 метрлік мурал ашылды. Сурет Сығанақ көшесі, 1-үйдің қабырғасына салынды. Оның биіктігі – 40 метр және ауданы 480 шаршы метр.

Муралда ұлттық киімдегі балалар бейнеленген. Көшетті суарып тұрған балалар өсу мен өркендеуді бейнелейді. Көк аспанның фонында шаңырақ пен уықтарды және Астананың көрнекті жерлерімен безендірілген жасыл планетаны көруге болады. Муралда «Таза Қазақстан – таза болашақ» деген жазу жазылған. Мурал осы жылдың сәуір айында басталған «Таза Қазақстан» республикалық экоакциясының аясында салынған. Осы бастама аясында елордада түрлі іс-шара өтіп, оған мыңдаған астаналық қатысты. Тұрғындар қаланы абаттандыруға, ағаш отырғызуға, өзендерді тазартуға және рұқсат етілмеген полигондарды жоюға белсенді қатысып, әлеуметтік бастамаларға қолдау беруде.



АРНАЙЫ АВТОБУСТАР ТАСЫМАЛДАЙДЫ

Елордада 8-13 қыркүйек аралығында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Қала бойынша азаматтарға ыңғайлы болу үшін арнайы автобустар іске қосылады.



Жарыс кезінде елорда тұрғындары мен қонақтары үшін сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін бірнеше орыннан, атап айтқанда, «Астана Арена» тұрақ аймағы, «Бас мешіт» тұрақ аймағы және «ЕХРО» тұрақ аймағына жүретін арнайы автобустар іске қосылады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтарын Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу орындарына қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету мақсатында 15 қыркүйекті қоса алғанда №18, 37, 303, 323 маршруттардың қозғалыс сызбалары уақытша өзгерді» делінген хабарламада.

БАҒЫТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметі ақпарат таратты.

«Жол жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін №2, 3, 11, 14, 21, 32, 48, 50, 57, 60, 66 автобус бағдарларының қозғалыс сызбасы уақытша өзгерді. Сапарларыңызды алдын ала жоспарлауды сұраймыз» делінген хабарламада.

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, республикалық «Студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XX еңбек маусымының салтанатты жабылу рәсімі өтті.

«ЖАСЫЛ ЕЛ»: ҚОРЫТЫНДЫ ҚАНДАЙ?



Райхан РАХМЕТОВА

Биыл «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 4200-ге жуық адам жұмысқа алынды, оның ішінде көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары да бар және жобаға қатысатын барлық жас арнайы құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді. Олар қаланы көгалдандыруға, саябақтар мен мектеп аумақтарын тазартуға көмектесті. «Жасыл елдің» көмектестігі толмаған жастары ҚР Еңбек кодексіне сәйкес күніне 4 сағат жұмыс істейді. Ұйымның биылғы ұраны: «Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі».

Жабылу салтанатында сөз сөйлеген Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Ерлан Айдар қаланы, айналына таза ұстау жастардың өмір салтына айналып келе жатқанын жеткізді.

– «Жасыл ел» сарбаздары экология акциялары аясында қала тазалығын қамтамасыз етуге зор

үлес қосты. Басқарма тарапынан жастарды еңбекке тарту, оларды сол арқылы Отанын сүйуге, айналаға қамқор болуға тәрбиелеуге зор мән беріледі. 2005 жылы Астанада «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылды және еліміздің барлық аймағында бөлімшелері ашылып, өз жұмысын бастады. Жобаны іске асыруда 100-ден астам серіктес ұйыммен жұмыс жүргізілді. Олардың қатарында «Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясы, «Астана-Зеленстрой» АҚ және басқа да бірқатар құрылыс нысаны мен қаламыздың бақ-саябақтары, 100-ден астам білім беру мекемесі, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғары оқу орны болды, – деді ол.

Жиын барысында 100-ге жуық жас алғыс хатпен марапатталып, олардың ішінде ерекше еңбегімен көзге түскендерге «Үздік команда», «Үздік капитан», «Үздік сарбаз» номинациялары берілді. Салтанатты іс-шара соңы концерт бағдарламасына ұласты.

БҰЗАҚЫЛАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Астанада қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күрес жүріп жатыр. Полицейлер өзгенің мүлкін бүлдіретін кезекті вандалдарды тауып, жауапкершілікке тартты.

«25 тамызда таңғы сағат 06:00 шамасында 35 жастағы ер адам Достық көшесіндегі автотұрақта тұрған ВАЗ2172 автокөлігін бірнеше рет ұрған. Осылайша, 51688 теңге көлемінде материалдық шығын келтіріп, өзгенің мүлкіне қасақана зақым келтірді. Сол күні кешке А.Пушкин көшесіндегі арка астында 37 жастағы ер адам велосипедімен келе жатып, шлагбаумды ұрып, сындырып кеткен» деп жазылған хабарламада.

Вандалдарға айыппұл салынып, жауапқа тартылды.

«Шамамен 29-30 тамызда Ж.Нәжімеденов көшесінде екі жас жігіт «Sansy» тұрғын үй кешенінің кіреберісіндегі қабырғаны ұрған. Нәтижесінде ұрылған орындар ойылып қалған. Екеуі де 15 күнге қамауға

алынды» деп жазылған хабарламада.

Еске сала кетейік, Астанада «Stop, вандал!» акциясы өтіп жатыр. Оны еріктілер, белсенділер, белгілі спортшылар, ҰЕҰ өкілдері, қала тұрғындары, аудандық әкімдіктер мен қалалық Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының қызметкерлері, мәслихат депутаттары қолдады. Акция аясында қалада күндізгі және түнгі рейдтер, сондай-ақ тұрғындар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау және қала мүлкіне құрметпен қарау жайы түсіндірілді. Жыл басынан бері сот 207 адамды бөтеннің мүлкіне қасақана бүлдіргені, жалпы аумақты ластағаны, ғимараттар мен тұрғын үй-жайларды бүлдіргені үшін жазалады. Олардың барлығы жауапқа тартылды.



МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аманат партиясы Астана қалалық филиалының партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиынға Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Юсуп Келигов, бірқатар басқармалардың басшылары қатысты.



Отырыс барысында елордадағы әлеуметтік нысандарындағы құрылыс жұмыстары мен спорт кешені мен Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионның мәселесі көтерілді. Астана қаласы Құрылыс басқармасының мәліметінше, «Қазақстан» спорт кешенінің құрылысын аяқтау 2026 жылға жоспарланған. Жиында елордада салынып жатқан мектептер мен медициналық ұйымдар туралы, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастыру жұмыстары баяндалды.

Бүгінгі таңда елорданың мемлекеттік мектептерінде 214

371 оқушы білім алуға. Соның ішінде бастауыш сынып оқушылары мен халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары 100% тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

98 мемлекеттік мектепте ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың жалпы саны 96 531 немесе 48% құрайды (оның ішінде 91 126 – 1-4 сынып оқушылары (94,4%), 5405 - 5-11 сынып оқушылары (5,6%). Биылғы шілде айында қалалық Білім басқармасы мен Астана медицина университеті оқушыларға арналған маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) ас мәзірін дайындады. Бұл мәзірде балалардың жасына сай тамақтануы (7-10 жас,

11-14 жас, 15-18 жас) ескерілді. Аталмыш мәзірмен қалалық Білім басқармасының ресми



сайтында танысуға болады.

Құрылыс басқармасының мәліметіне сәйкес, биыл бюджеттік-инвестициялық жобалар аясында Кирпичный тұрғын алабында 1200 орындық жаңа мектеп салынып, №17 және №27 мектептеріне 600 орындық қосымша ғимарат қосылды. Ал Үркер тұрғын алабында 900 орындық мектеп және №13, №41, №79, №83, №86 мектептеріне 600 орындық қосымша ғимарат құрылысы жүргізілуде.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында биылғы оқу жылында 9 мектеп пайдалануға берілді. Желтоқсан айында тағы 18 600 орындық 9 мектеп, ал 2025 жылы 14 000 орындық 7 мектептің құрылысы аяқталмақ.

Балабақшалардағы орын тапшылығын шешу мақсатында 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланған. Биылдың өзінде әрқайсысы 300 орындық 10 балабақшаның құрылысы басталмақ. Оның 5-еуі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асырылады.

БӨЛІМШЕ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты Психикалық денсаулық орталығының уақытша бейімдеу және уытсыздандыру бөлімшесінің жағдайымен танысты. Оған қалалық Полиция департаменті мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшылары қатысты.



Бұл – қаладағы жалғыз бөлімше, бірақ ғимараттың жағдайы сын көтермейді.

Кездесу барысында қызметкерлер бірқатар маңызды мәселелерді көтерді. Олардың айтуынша, орталықтың материалдық-техникалық базасы ескірген. Ең алдымен, бұл бөлімшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Штатта небәрі 20 медицина қызметкері жұмыс істейді. Сондықтан медицина қызметкерлерінің жүктемесін азайту үшін кадр санын көбейту маңызды. Жылдың басынан бері мұнда 8000-ға жуық адам жеткізілген. Орталыққа әкелінген адамдар 3-4 сағаттан соң босатылады.

Мәслихат депутаттарымен кездесуде ғимараттың ішкі жағдайы мен медициналық персоналдың жұмыс шарттарын жақсарту керектігі, қалада осындай тағы бір мекеме ашу қажеттілігі айтылды. Қалалық мәслихаттың алдағы отырыстарының бірінде тиісті мамандармен бірге бұл мәселелерді шешу жолдары қарастырылатын болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа кезекті Жолдауымен бірқатар маңызды стратегиялық бағыттар мен бағдарларды айқындады. Жолдау қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты өзекті мәселелерді қамтыды. Бұл еліміз үшін берекелі бастамалардың жалғасы болмақ.

ЖАРҚЫН ІСТЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ



Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы ретінде Жолдауда айтылған ақша-несие мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою, салық саясатының тиімділігін арттыру, банктер туралы жаңа заңның қажеттілігі, инвестициялық ахуалды және бизнесті жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу туралы тапсырмалар уақытылы берілді. Негізгі мақсат – азаматтардың жағдайын жақсарту.

Осы ретте Астана мәслихатының бейімді комиссиясының төрағасы ретінде елорда бюджетін қарастыру мен бекітуді, оны бөлуді бұрынғыдан да терең және принципті түрде қараймыз. Президенттің көрпеге қарай көсілу қағидатына сәйкес бюджет қаражатын тиімді жұмсауды қадағалауды бастамашыл түрде жалғастырамыз.

Бюджет кодексін талқылау бойынша Мәжілістің жұмыс тобының мүшесі ретінде Жолдау тапсырмаларын ескеріп, қосымша ұсыныстар беру жағы да тасада қалмайды. Жыл соңына дейін Бюджет кодексі қабылданады деген үміт басым.

Президенттің тапсырмасына сәйкес жаңа Салық кодексі бойынша жан-жақты талқылауға белсене қатысып, кәсіпкерлерді құқығын барынша қорғауға атсалысамыз. Шағын және орта бизнестен түсетін салықтарды қала бюджетінің жүйелі мәселеріне жұмсау жағын ерекше қадағалаймыз. Жалпы, Астана қаласы мәслихатының аталған тұрақты комиссиясының мүшелері Жолдаудағы тапсырмалар мен ұсыныстарды жергілікті билікпен бірлесіп орындау арқылы сайлаушылардың өмірінің сапасын жоғарылатуды жалғастырады.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы
мәслихатының
депутаты

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЛАЙ?

Астана қаласы мәслихатының депутаттары және қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, сарапшылар мен Тарифтер бойынша өңірлік комиссиясының өкілдері «Астана Су арнасы» мекемесінің 2024 жылға арналған инвестициялық жобаларын орындау барысымен танысты.

Осы жылы аталмыш мекемеге тиісті жұмыстарға 2,3 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржы жалпы ұзындығы 8 шақырымды құрайтын құбырларды жөндеу мен ауыстыруға, 7 кәрізді тазалау, су айдайтын

стансалардағы 16 сорғыны жаңалауға, ауызсуды зарарсыздандыруға қондырғы сатып алуға, желілерді шұңқыр қазбай қайта қондыру қондырғысын, басқа да арнайы техника сатып алуға бағытталған.

Бұл жұмыстар арқылы желілердің тозуын 41 пайыздан 39,5 пайызға төмендету, судың нормативті шығынын 17 пайыздан 16,5 пайызға азайту, апаттық жағдайларды төмендету, халықтың есептеу құралдарымен қамтамасыз етілуін 75 пайыздан 85 пайызға көбейту көзделген. Аталған шаралар Аманат партиясының қалалық филиалының «Жол картасында» да көрсетілген. Орындалуы партиялық бақылауда.



Биылғы халыққа Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен АЭС салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін. Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын» дей келе сол күні «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды.

Райхан
РАХМЕТОВА

ҚАУІПСІЗ ҚУАТ КӨЗІ

Бүгінгі таңда атом энергиясы әлемдегі электр энергиясының шамамен 10%-ын қамтамасыз етеді. Атом энергетикасының қуаты едәуір үлкен елдеріне – АҚШ (94 реактор), Франция (56 реактор), Қытай (56 реактор), Ресей (36 реактор), Үндістан (20 реактор), Оңтүстік Корея (26 реактор), Жапония (12 реактор) жатады. Бір мемлекет үшін бұл энергетикалық қауіпсіздік, енді бір ел үшін экологияны жақсарту жолы, тағы бір мемлекет оны экономикалық мақсатта қолданады. Мұндағы ең басты мақсат – энергетикалық тәуелділікті жою және қауіпсіз қуат көзін өндіру. Қай елде болмасын энергетика дамымаса, экономикада да ілгерілеу болмайды. Бір күн емес бір сағатқа қуат көзі өшсе, жағдайдың қалай болатыны белгілі.

Әлем ғалымдарының «алда энергия жетіспеушілігі болады» деп дабыл қаққанына біраз болды. Сондықтан көптеген елдер атом энергетикасын қарқынды дамытуға көңіл бөледі. 2050 жылға қарай барлық әлем елдерінің АЭС-інен өндірілетін электр энергиясы 792 ГВт дейін яғни 2 есеге өседі деген болжам бар. Бұл – халықаралық агенттіктің ұсынған мәліметі. Осы ретте атом электр стансасы бірнеше мыңдаған жылдар бойына энергия тапшылығынан құтқарады.

– АЭС – базальқ генерацияның экологиялық ең таза түрі. Атом электр стансасынан экология еш зардап шекпейді, ол көміртектің энергияның негізгі құрамдас бөлігі саналады. Керісінше, бұл электр орталығы парниктік газдың азайтуға көмектеседі. Айталық, 1000 МВт болатын атом электр стансасын жыл сайын пайдаланса да, парниктік газдар шығыны 8 миллион тоннаға азайып отырады. Атом электр стансалары көмір немесе табиғи газ қондырғыларына қарағанда отынды әлдеқайда аз тұтынады, бұл көміртегі бейтараптығы мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Оның үстіне ол сарқылмас қуат көзі, – дейді «Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС жетекші инженері Асуан Сиябеков.

Спикердің айтуынша, БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының ұйғарымымен,



тек осы атом энергетикасы ғана парниктік газды ең аз бөлетін энергия түрі деп бекітілген. Ал одан өзге энергия түрлері, мәселен: көмір – 820 грамм/кВт/сағ (CO2 баламасы), табиғи газ – 490 грамм, су электр станциялары – 24 грамм, СЭС (күн концентраторы) – 48 грамм, атом 12 грамм бөледі. Атом энергиясы – қазіргі жаһандық жылынумен күресу құралдарының негізі. Мысалы, Еуропадағы атом электр стансалары жыл сайын 700 миллион тонна CO2 шығарындыларын болдырмайды. АЭС-тің қоршаған орта мен адам денсаулығына кесірі әсері жоқ. Атом электр стансасын салудағы басты негізгі басымдық пен принциптің бірі – оның қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауы.

Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес, атом электр станциясының жұмыс істеу кезеңінде орта есеппен 2000-ға жуық жоғары және орта арнаулы білімі бар персонал қажет. Осы мақсатта болашақта атом энергетикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Кадрларды даярлау жоспары жеке әзірленіп, қабылданады, оның негізінде қажетті мамандар санын дайындау ұйымдастырылады. Бұл ретте атом электр стансаларының өнеркәсіптік өндірістік персоналының шамамен 20%-ын ядролық білімі бар зауыт қызметкерлері құрайды.

ТӨРТ ЕЛДІҢ ҚАЙСЫСЫН ТАҢДАЙДЫ?

Әлемде АЭС-тің көбі, әрине, дамыған елдерде салынған. Көш басында АҚШ, Франция, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея тұрса, АЭС салуды енді қолға алып жатқан елдер қатарында Түркия, БАӘ-ін атап өтуге болады.

– Көршілес Өзбекстанда да осы мәселе көтеріліп жатыр. Алайда олар АЭС-ті біздің ел сияқты референдум арқылы емес, Үкімет шешімімен салуды көздейді. Мұның бәрі қазіргі таңда АЭС-тің жаңа дәуірі басталғанын көрсетеді. Жалпы бұл құрылыстың сол өңірге тигізер мультипликативті әсері мол, – дейді А. Сиябеков.

Қазақстан АЭС салуда 4 елдің технологиясын қарастырып отыр. Біреуі – Ресейдің «Росатом» корпорациясы болса, екіншісі – Қытайдың China National Nuclear Corporation, үшіншісі – Француздың Electricité de France, төртіншісі – Оңтүстік Кореяның Korea Hydro & Nuclear Power кәсіпорындары. Америка мен Жапониядан түскен техникалық

ұсыныстар кіші модульді реакторлар салумен байланысты. Алайда болашақта, яғни 2035 жылға қарай елімізде энергия тапшылығы қатты сезілетіні бірден үлкен реакторлы станса салу жөн саналуда. Спикердің айтуынша, қай елдің реакторын таңдасақ та, ең алдымен, қауіпсіздік мәселесіне басты назар аударылады. Ұсыныстар бойынша тәжірибеде қолданылып тұрған реакторларға басымдық беріледі.

– Қай елдің реакторын таңдауымыз да, қай жерге салынатыны да елімізде референдум өтіп, оны халық қолдаған соң ғана белгілі болады. Біз әзірге инженерлік ізденіс үстіндеміз. Ал көп жерде сұралатын АЭС-тың техникалық экономикалық құжаттама жұмыстары тек нақты бір елдің реакторын таңдағаннан кейін барып белгілі болады, қоршаған ортаға айқын әсерін де біз ашық дерек көздері арқылы сол кезде таратамыз, – дейді жетекші инженер.

КӨРІСТЕР ҚАЛАЙ САЛАДЫ?

Оңтүстік Кореяның атом энергетикасының тарихы 1970 жылдардан бастау алады. Алғашқы бейбіт атом технологиясын Кореяны 50-жылдардан бастап қолдайтын америкалықтар әкелген. Уақыт өте келе көрістердің өздері АЭС салуды толық меңгеріп, енді олар өздерінің технологиясын шетелдерге экспорттауда. Қазіргі таңда Оңтүстік Кореяда 26 реактор жұмыс істейді. Олар елдегі барлық электр энергиясының 30 пайызын өндіреді. Сонымен қатар Оңтүстік Корея БАӘ-де алғашқы атом электр стансасын салды және сол жақта жоспарланған төрт энергоблоқтың үшеуін іске қосты. Ол толық іске қосылғанда Барак АЭС БАӘ-нің барлық энергиясының 25 пайызын өндіретін болады. Корея компанияларының өкілдері бұл бюджет көлемін арттырмай-ақ өз уақытында аяқталған аз жобалардың бірі екенін мақтанып отырады. Қазақстанда АЭС салу барысында егер бұл іспен көрістер айналысар болса олар түрлі мамандықтардан компанияларды біріктіретін халықаралық консорциум құрады. Сонда АЭС-ті басқарушы компания KHNР болады. Бұл ретте реакторды әзірлеумен Doosan айналысады, ал АЭС-тің өзін Hyundai Engineering and Construction салады. KHNР – Оңтүстік Кореяның ірі компаниясы, ол 21 ядролық реакторы

бар 27 гидроэлектрстанцияны пайдаланады. БАӘ-ден басқа АЭС салу туралы келісімге Польша, Румыния, Словакия және Чехия да қол қойды. Қазақстандағы құрылыс үшін америкалық технологиямен APR-1400 екі контурлы ядролық реактор салу ұсынылуда. Біріккен Араб Әмірлігіндегі 4 реакторлы АЭС құны 25 млрд долларға бағаланды. Осылайша әрбір реактордың құны шамамен 5-6 млрд долларды құрады. Сонымен қатар көрістер қазақстандық мамандарды атом энергетикасына үйретуге уәде беруде. KHNР бас менеджері Че Оп Кимнің айтуынша, олар әлем елдерінде салған 26 ядролық реактор жұмыс істеп тұр, тағы бірнешеуінің құрылысы әлі жүріп жатыр.

РЕСЕЙ НЕ ҰСЫНАДЫ?

Түркияның Мерсин облысындағы «Аккую» станциясы – Build-Own-Operate үлгісімен «Росатом» салып жатқан алғашқы атом жобасы. Нысанның бірінші реакторы келесі жылы іске қосылуы тиіс. Стансада Ресейде оқытылған жергілікті мамандар жұмыс істейтін болады. Ұзақмерзімді келісімшарт бойынша осы істе арнайы құрылған «Аккую Нуклеар» компаниясы жобалау, құрылыс жүргізу, қызмет көрсету, пайдалану және станцияны тоқтату бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Қуаттылығы – 4800 МВт, 3+буыны бойынша ВВЭР-1200 реакторы бар 4 энергоблоқты салуға 400-ден астам компания қатысуда. Мерсинде 2018 жылы Ресей АЭС салуды бастағанда 2 мың ғана адам болса, қазір оның тұрғындары 30 мыңға жетті. АЭС-ті іске қосу Түркияның электр энергиясына деген қажеттілігінің 10 пайызын жабады. Түркия – энергияны ең көп тұтынатын елдер қатарында. Жылына 60-70 млрд доллардың энергиясын пайдаланады. Алайда оның басым бөлігін шетелден экспорттайды. Сондықтан АЭС салу арқылы елдің шетелдік энергияға тәуелділігін азайтпақ. Мамандар мұны таза әрі арзан энергия алудың ең тиімді жолы екенін айтады. Ресейліктер 2023 жылдың күзінде Түркиядағы станса құрылысының құны \$23-24 млрд құрағанын айтса, биыл маусымда \$24-25 млрд деп, басқа соманы көрсетті. Ресей қазір әлемнің 7 елінде 22 блок құрылысын жүргізуде. Жалпы соңғы 18 жылда 18 блокты іске қосқан Ресей Қазақстанға реактордың бірнеше түрін ұсынып



АЭС – базальқ генерацияның экологиялық ең таза түрі. Атом электр стансасынан экология еш зардап шекпейді, ол көміртектің энергияның негізгі құрамдас бөлігі саналады. Сенімді және экологиялық таза қуат көзі ретінде жер бетіндегі 31 елде 415 атом электр стансасы жұмыс істеп тұрса, жаңадан тағы 59 АЭС салынып жатыр. Елімізде атом энергетикасына деген қажеттілік жылдан жылға артып келеді

отыр, соның ішінде кіші қуатты түрлері де бар, сонымен қатар қаржылық мәселеде де, оңтайлы отын әзірлеуде де қолдау білдіруге дайын.

ҚЫТАЙ ҮӘДЕСІ ҚАНДАЙ?

Аспан асты елінің ұсынатын нұсқасы бойынша Қазақстанда 2,4 ГВт қуаты бар екі блокты АЭС салу құны 5,6 доллар тұрады. Стансаны қытайлықтар 5 жылда салады. Бұл туралы CNNC бас өкілінің орынбасары Ли Юдонг мәлімдеген. Ал еліміздің энергетика министрлігі бастапқыда осынша қуаттағы

P.S: Қазақстан 2,4 ГВт қуаттылығы бар алғашқы АЭС-ті 2035 жылы іске қосуды көздеп отыр. Қазіргі таңда еліміздегі электр энергиясын өндірудің негізгі үлесі көмір стансаларының енісіне кеп тұр, олар жалпы энергия өндірісінің 66 пайызын қамтамасыз етуде. Ал 148 нысандағы шағыртылған энергия көздерінің үлесі небәрі 6%. Осылайша түрлі елдердің тәжірибесі көрсеткендей, атом энергетикасы ел экономикасының маңызды факторы болып, әрі энергия теңгерімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ауаға тасталатын зиянды қалдықтарды азайтудың тиімді құралы саналады. Озық технологиялар және қатаң экологиялық қауіпсіздік нормалары есебімен атом энергиясын дамыту Қазақстанның тұрақты дамуға қол жеткізуіне ықпал етеді.

АЭС салу құны 10 млрд доллар, салу уақыты 10 жыл деп есептеген, алайда кейінірек сарапшылардың пікірінен соң оның құнын біртіндеп 15 млрд АҚШ долларына көтерді. Осы есеппен алғанда, Қытай екі есе арзан және екі есе аз мерзімде салатындығымен тиімді. Қытай компаниясының өкілі референдум оң нәтиже берсе және Қазақстан оларды таңдар болса, стансаны өз уақытында салуға бар күшін салатындығын жеткізді. Қытайда жалпы қуаты 58,78 ГВт энергия өндіретін 57 блок жұмыс істейді. Тағы 52 блоктың құрылысы жүруде. Осылайша соның бәрі іске қосылғанда Қытайда жалпы қуаты 110 ГВт болатын 100 ядролық реактор жұмыс істемек.

ФРАНЦИЯ НҰСҚАСЫ ҚАЛАЙ?

Францияның EDF вице-президенті Лоран Фабра әлем бойынша жұмыс істеп тұрған 400-ден астам реактордың 100-ден астамын Франция компаниялары салғанын жеткізді. Бұл – әлемдегі реакторлардың төрттен бірін салуда француздардың қолтаңбасы бар деген сөз. Қазір олар Ұлыбританияда екі блокты АЭС салуда, бұған дейін жалпы сметасы 26 млрд фунт стерлинг, яғни шамамен 33 млрд АҚШ доллары тұратын станса құрылысын 2027 жылы аяқтау көзделген. Енді оның құрылысы 2030 жылы аяқталып, жалпы құны 39-43 млрд доллар болатыны айтылды. Францияның атом электр стансалары елдегі энергияның 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Бұл CO2 шығарындыларының төмен болуына да септік етеді. Одан бөлек, Франция өндіретін электр энергиясының артылғанын экспорттайтын ел. Дегенмен айтылған 4 нұсқаның ішінде ең қымбат түсетіні француздық компаниялар болып отыр.

АҚШ ТІЗІМДЕ НЕГЕ ЖОҚ?

Қазақстанда АЭС салуға үміткер елдердің нақты тізіміндегі 4 ел қатарында АҚШ болмағанымен, ол да басында қарастырылған. Әлемде атом электр стансасы ең көп ел ретінде Америка құрама штаттарының әлеуеті жоғары бағаланады.

– АҚШ-тың кету себебі олар қазір шағын модульді реакторларға бет бұрған. Олар қуаттылықтан шығып қалды. Шағын модульді реакторлар қазір еш жерде іске қосылмаған. Сондықтан оны қазір емес, біз болашақта қарастырамыз. Биыл жыл соңына дейін АҚШ энергетика министрлігінің қолдауымен ядролық физика институты аясында шағын модульді реактордың стимуляторы орналастырылады, – дейді Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ғұмар Серғазин. Америкадағы электр энергиясының 20 пайызын өндіретін бұл елдің АЭС-терінің қуаттылығы – 95,5 ГВт. Қолданыстағы атом стансаларының бәрі дерлік 1967-1990 жылдары аралығында салынған.

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ – ЕЛОРДА САҚШЫЛАРЫ

Биыл жыл басынан бері Астана қаласының Полиция департаменті 808 мыңға жуық заң бұзушылықты анықтап, соның негізінде жалпы сомасы 9 млрд 154 млн 216 мың теңге көлемінде айыппұл салынған.

Райхан
РАХМЕТОВА

Бұл туралы 2024 жылдың I жартыжылдығындағы жол жүру қауіпсіздігін реттеу және бөтен мүлктің бүлінуі жұмысының қорытындылары туралы брифингте Астана қаласы прокуратурасының басқарма бастығы Саламат Тәңірберген, Астана қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы Бауыржан Тоқжұманов, Астана қаласы ПД Жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары Қанат Нысантаев баяндады.

– Жыл басынан бері қалада барлығы 615 ЖКО тіркеліп, соның ішінде 19 жағдайда адамдар қайтыс болған. Жаңа оқу жылы қарсаңында елордада «Назар аударыңыз, балалар» жедел алдын алу іс-шарасы өтуде. Астана қаласының Полиция департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жол жағдайларын жақсарту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мектептер, балабақшалар және басқа да білім беру объектілері ауданындағы жолдарға кешенді тексеру жүргізді. Тексеру барысында барлық қажетті техникалық реттеу құралдарының болуына назар аударылды. Білім беру нысандары аймағындағы жол, көгалдар мен жаяу жүргіншілер жолында орналасқан жерасты инженерлік құдықтардың жағдайы тексерілді, – деді Бауыржан Тоқжұманов.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күн сайын қала көшелерінде 2300-ден астам полиция қызметкерлерімен қоса ҚР Ұлттық ұланының №5573 әскери бөлімі жұмылдырылады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ ұсақ құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында тұрақты негізде жедел-профилактикалық іс-шаралар және қоғамдық орындарда қылмыстардың алдын алу және жолын кесу бойынша жергілікті рейдтік іс-шаралар жүргізіліп тұрады.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Астана қаласы Полиция департаменті кез келген заң бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидатын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауда. Биыл «нөлдік төзімділік» қағидатын іске асыру шеңберінде 58187 әкімшілік хаттама толтырылды. Өткен жылдың наурыз айында ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін жауаптылықты белгілейтін 147-1-бабы енгізілді. Аталған бап қолданысқа енген сәттен бастап 187 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 112 адамға 7,5 миллион теңгеден астам мөлшерде әкімшілік айыппұл салынды, ал 67 адам әкімшілік қамауға алынды.

– Қоғамдық орындарда және көшелерде полицияның кешенді күштері тұрақты болу қағидатын қамтамасыз ету бойынша шара-



лар қабылдануда. Қызмет атқару кезінде патрульдік наряд азаматтардың жиі шоғырланатын жерлерін, аула кеңістігін, сондай-ақ құқық бұзушылықтар жасалуы ықтимал басқа да орындарға патрульге шығып, сол арқылы құқық бұзушылықтың барынша тиімді профилактикасын жүргізеді. Жедел басқару орталығында және полицияның кезекші бөлімдерінде 30 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылғанын атап өткен жөн. Бейнебақылау камераларының көмегімен жыл басынан бері 758 қылмыстық және 10 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, – деді Қанат Нысантаев.



Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күн сайын қала көшелерінде 2300-ден астам полиция қызметкерлерімен қоса ҚР Ұлттық ұланының №5573 әскери бөлімі жұмылдырылады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ ұсақ құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында тұрақты негізде жедел-профилактикалық іс-шаралар және қоғамдық орындарда қылмыстардың алдын алу және жолын кесу бойынша жергілікті рейдтік іс-шаралар жүргізіліп тұрады.

Халық арасында вандализмнің алдын алу бойынша БАҚ-та ақпараттық түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Вандализм фактілері туралы ақпаратты анықтау тұрғысынан БАҚ, әлеуметтік желілер және өзге де жарияланымдар мониторингіне ерекше назар аударылады. Мұндай жарияланымдарға дереу құқықтық баға беріледі, тексеру шаралары жүргізіледі, кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылады.

Адамның заңсыз әрекетінің негізгі себебі әлеуметтік орта мен оның қалыптасуында тұрақсыздандыруға бағытталған әртүрлі қайшылықтармен байланысты. Бұл қарама-қайшылықтардың шиеленісуі құқық бұзушылықтардың өсуіне әкеледі. Құқық бұзушылықты тудыратын себептердің ішінде, ең алдымен, экономикалық, саяси, әлеуметтік және моральдық себептерді атаған жөн. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды қайталаудың себебі – мас күйіндегі адамдардың және тұрғылықты жері жоқ адамдар уақытша тұруға келген кезде жасаған ұсақ құқық бұзушылығы. Құқық бұзушылықтың осы түрінің алдын алу мақсатында учаскелік полиция инспекторлары құқық бұзушылармен профилактикалық әңгіме жүргізеді. Бұдан басқа халықпен кездесулер барысында тұрғындардың үй чаттарында, сондай-ақ Instagram әлеуметтік желісінде ҚР ӘҚБтК-нің 434, 147-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікке тарту туралы түсіндіру сипатындағы баяндамалар тұрақты негізде жарияланады. Әлеуметтік желілерде, сауда орталықтарында, білім беру мекемелерінде халықпен ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бейнероликтер жол бойындағы LED-экрандарда, сондай-ақ тұрғын үйлердің

лифттерінде және тұрғындардың чаттарында таратылады. Қоғамдық орындарда және көшелерде қылмыстардың өсу себептерінің бірі – халық санының артуы, тиісінше көптеген тұрғын үйлердің, шағын, орта бизнес объектілері санының өсуі.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ЕКПІНДІ

Елордада жыл өткен сайын есірткіге қатысты қылмыстардың ашылуы артып келеді, оған статистикалық мәліметтер дәлел. Бүгінде қылмыстық қудалау органдары есірткі қылмысына қатысты 878 фактіні тіркеді. Олардың басым көпшілігі есірткіні сату мақсатынсыз сақтау фактілеріне қатысты 635 және сату мақсатында 218 дерек анықталды. Есірткі қылмысын ең жиі жасайтындар – еліміздің 21-39 жас аралығындағы азаматтары. Есірткі қылмысын жасаған азаматтардың ішінде 318 адамның тұрақты табыс көзі жоқ, яғни орта білімі бар және жұмыссыз азаматтар. Әдетте, жас санаты 21 жастан 39 жасқа дейінгілердің қатарына жеңіл ақшаның азғыруына, соның ішінде «уайымсыз» өмірді насихаттайтын интернет кеңістігі арқылы ерген адамдар жатады. Бұлар өздерінің менмендігі мен құқықтық сауатсыздығынан және сыртқы факторлардың әсерінен есірткіні А нүктесінен В нүктесіне жеткізу міндетін атқаратын «есірткі тасушыға» айналады. Сот отырыстарында айыпталушылар бұл салаға әлеуметтік желілерде жақсы ақшаға курьер болып жұмыс істеу туралы хабарландыруларды көргеннен кейін келгенін, олардың іс-әрекетінің салдары туралы ескертілмегенін түсіндіреді. Есірткі қылмысымен күресте биыл оң нәтижелі жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн. 2024 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің қызметкерлері 3 есірткі зертханасы қызметінің жолын кесті. Қалалық прокуратураның жедел іздестіру іс-шарасын жүргізу туралы бастамасымен басталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қалалық департаменті қызметкерлері елордадағы есірткі зертханасы мен 2 қоймасын жойды. 27 келіден астам синтетикалық есірткі заттар, атап айтқанда, мефедрон тәркіленді. Тергеу барысында олардың күдігін растайтын жеткілікті айғақтар жинақталды. Еске сала кетейік, есірткі заттарын сатқаны үшін, көлемі мен іс-әрекетіне қарай, қылмыстық заңнама бойынша 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Астана қаласының прокуратурасы азаматтарды қауіпсіздік айналымы туралы фактілер бойынша дереу полицияға хабарлауға шақырады.

Астана қаласының өңірлік кадрлық резервіне іріктеу аяқталды. Іріктеуге қала бойынша 297 адам қатысты. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин мен елорда әкімі аппараты басшының орынбасары Жанасыл Шәукентаев мәлімдеді.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВКЕ ІРІКТЕЛДІ

Индира
БЕРЖАНОВА

«Өңірлік кадрлық резервтің міндеті – талантты жастарды тарту, амбициялы әрі креативті көшбасшылар мен жас басқарушылар пулын қалыптастыру. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімді, 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысты. Іріктеу құжаттарды қабылдау, заңнаманы білуге арналған тестілеу, жеке қасиеттерін бағалау, ассессмент орталығында құзыреттерін бағалау, кадр комиссиясында құрылымдық сұхбат және комиссия отырысы секілді кезеңдерді қамтыды.

Үміткерлер кадрлық комиссия айқындаған 4 негізгі сала: әлеуметтік сала, экология, цифрландыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым салалары бойынша құжат тапсырды.

Іріктеудің заңнаманы білуге арналған тестілеу кезеңінде 262 кандидат қатысып, оның ең жоғарғы нәтиже көрсеткен 142-сі келесі кезеңге жіберілді. Жеке қасиеттерін бағалау кезеңінен сәтті өткен 62 кандидат құзыреттен бағалау кезеңіне жіберілген болатын» деді өз сөзінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин.

Комиссия отырысында комиссия мүшелері бағалау нәти-

жесімен ең жоғары балл жинаған 30 кандидатты Астана қаласының өңірлік кадрлық резервіне қабылдады. Резервшілер өңірлік кадрлық резервке, Жарлыққа сәйкес, 2 жыл мерзімге қабылданды және өңірлік резервке қабылданған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық орналаса алады.

«Кадр резервіне қабылдану бұл басқарушылардың тек қана қатаң іріктеуден өткенін ғана емес, сондай-ақ қаланы дамытуға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға елеулі үлес қосуға дайын және қабілетті екенін білдіреді. Алдағы уақытта олардан Астананың тұрақты дамуы мен оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған стратегиялық бастамаларды қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысу күтілуде. Кадр резервіне алынған мамандардың әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін оларды Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында, сондай-ақ аудан әкімдіктерінде бос орындар қалыптасқан жағдайда орта және жоғары буын басшылық лауазымдарына тағайындауды жоспарлап отырмыз» деп бөлісті елорда әкімі аппараты басшысының орынбасары Жанасыл Шәукентаев.

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТТІҢ САЛДАРЫ

2024 жылы жүргізілген жоспардан тыс тексерулер шеңберінде «Астана қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ 426 бұзушылықты анықтап, оларды жоюға 192 ұйғарым берді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 312-бабының 2-бөлігі бойынша Астана қаласының жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қаулысымен сапасыз құрылыс-монтаж жұмыстарын орындағаны және мемлекеттік нормативтерді бұза отырып, жобалық құжаттамадан ауытқығаны үшін 5 компания құрылыс лицензиясынан айырылды: – «Пром Строй Гарант КЗ» ЖШС ғимараттар мен құрылыстардың, оның ішінде көпірлердің, көлік эстакадаларының, тоннельдер мен жол өтпелерінің, нысандарды күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде шатыр жабындарын қоса алғанда, тірек және қоршау конструкцияларын тұрғызудың, монолитті орнату, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарына қатысуға II санаттағы лицензиядан айырылды. – «Granite» ЖШС ғимараттар мен құрылыстардың тірек және қоршау конструкцияларын күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, тұрғызу, топырақтағы арнайы жұмыстарды қамтитын инженерлік желілер мен жүйе-

лердің кіші түрлері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына қатысуға II санаттағы лицензиядан айырылды.

– «Ғимараттар мен құрылыстар құрылысы» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензиядан айырылды. – «Sheberbuild» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналысуға 2023 жылғы 18 қазандағы №23022845 лицензиясынан айырылды.

– «Астана-Көктем С» ЖШС 2022 жылғы 25 қарашадағы №0000360 ғимараттар мен құрылыстардың, оның ішінде көпірлердің, көлік эстакадаларының, тоннельдер мен жол өтпелерінің, нысандарды күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде шатыр жабындарын қоса алғанда, тірек және қоршау конструкцияларын тұрғызудың, монолитті орнату, сондай-ақ құрама бетон және темірбетон конструкцияларын монтаждау, қабырғалар мен бөлімдердің дана элементтерін қалау және ойықтарды толтыру, топырақтағы арнайы жұмыстар, оның ішінде негіздерді салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына қатысуға лицензиясынан айырылды.



ЖАҢА ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Елордалықтардың саны 2035 жылға қарай 60 пайызға артады деп болжануда. Қазіргі таңда бас қалада амбулаториялық көмекті 47 емхана ұсынады. Оның 16-сы – мемлекеттік, 29-ы жеке және 2-уі ведомстволық. Емханалар 3 есе жүктемемен қызмет көрсетеді. Сондықтан медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту үшін Бірыңғай стандарт жобасы әзірленді.



Оның мақсаты – амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жұмысын тиімді ұйымдастыру, заманауи технологияларды дамыту және пациенттер үшін қолайлы орта құру. Жаңа жоба туралы Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы-

ның басшысы Әлия Рүстемова мәлімдеді.

«Бірыңғай Стандартты әзірлеу барысында мәскеулік емханалар стандартын енгізу тәжірибесі, сондай-ақ Канада, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия және Эстониядағы алғашқы ме-

дициналық-санитарлық көмек тәжірибесі зерттелді. Жаңа жобаның негізі төрт қағидасы бар. Біріншісі, қолжетімділік – медициналық көмекті халыққа жақындату; екіншісі, сапа – медициналық көмек көрсету үдерістерін жетілдіру; үшінші, технологиялар – цифрлық ортаны дамыту; Төртінші, жайлы орта – ыңғайлы кеңістік құру» дейді Әлия Рүстемова.

Ал медициналық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту үшін жаңа денсаулық сақтау объектілері салынады. Қалада алдағы 4 жылда 2 мемлекеттік емхана мен 5 жеке емхана салу жоспарлануда. Сонымен қатар, медициналық көмекті жақсарту үшін диагностикалық қызметтері бар емханалар жанынан Отбасылық медицина орталығын ашу. Бұл күту уақытын

қысқарта отырып, мамандандырылған қызметтерге қолжетімділікті жақсартады. Диагностика мен емдеу сапасын арттыру үшін заманауи жабдықтар мен технологияларды енгізу қолға алынбақ.

Жаңа жобаның ең маңызды бөлігі халықтың барлық санаттары үшін қолайлы орта құруды көздейді. Емханаларда мүмкіндігі шектеулі топтар мен балалары бар ата-аналарға арналған аймақтар, электрондық кезек және ауызсуға қол жеткізу, пациенттерге ыңғайлы болу үшін эргономикалық дизайн және түс навигациясын енгізу қажет.

«Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің Бірыңғай Стандартын енгізу әлемдік үздік тәжірибелерге сәйкес келеді және Астанада медициналық көмектің сапасын жақсартуға бағытталған. Біз бұл жобаны қолдауды және оны бекіту үшін Астана қаласы мәслихатының қарауына шығаруды сұраймыз» деп атап өтті Әлия Рүстемова.

АДАМ ПАПИЛЛОМАВИРУСЫ ҚАУШТІ МЕ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, Қазақстанда күн сайын жатыр мойны обырына қатысты 5 дерек тіркеледі және 2 әйел қатерлі ісіктен қайтыс болады екен. Жатыр мойны обыры гинекологиялық патологияда сүт безі қатерлі ісігінен кейін екінші орында тұр.

ҚЫЗЫҢЫЗҒА ЕКПЕ АЛУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

«90-95% жағдайда жатыр мойны обырының даму себебі онкогендік типтегі адам папилломавирусы 16 және 18-інші түрлері екені дәлелденді. 80-95% жағдайда жатыр мойны обыры әйелдердің жас, әлеуметтік белсенді, бала туу жасында, яғни 20-45 жаста анықталады. Сондықтан Қазақстанда әйелдердің жатыр мойны обырын тіркеу жағдайларын қысқартуға мүмкіндік беретін АПВ-ге қарсы вакцинация ретінде алдын алу шараларын қабылдау маңызды» дейді Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Жанна Пралиева.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстанда жатыр мойны обырына қарсы онкологиялық қызмет бағдарламасының негізгі мақсаты – 11 жастағы қыздарды адам папилломавирусына қарсы вакциналау арқылы аурудан сақтау.

Жалпы, елімізде адам папилломавирусына қарсы жоспарлы вакцинация 11 жастағы қыздарға осы қыркүйек айынан басталады. Вакцинация мектептерде ата-аналардың келісімін алғаннан кейін ерікті түрде жүргізіледі. Көпжылдық иммунитетті қалыптастыру үшін вакцинация 0-6 ай аралығында екі рет жүргізілуі керек.

«Қазақстанда АҚШ өндірген «Мерк Шарп және Доум» адам папилломавирусына қарсы вакцина қолданылатын болады. 4 валентті вакцина, ол 4 жоғары онкогенді HPV-6, 11, 16, 18 түрлерінен қорғайды. Адам папилломавирусына қарсы вакцина 2006 жылдан бастап әлемнің 135 елінде, атап айтқанда, Австралия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Дания, Норвегия, АҚШ және тағы басқа елдерде қолдануда көп жылдық тәжірибесі бар. ТМД елдерінде АПВ-ға қарсы вакцинация

бағдарламасы Армения, Грузия, Молдова, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстанда енгізілді. Сондықтан, ата-аналарды вакцинация туралы тағы бір рет қайта ойлануға шақырамын. Өйткені бұл вакцина сіздің балаңыздың денсаулығы үшін Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес басқа міндетті екпелер сияқты маңызды» дейді Жанна Қыдырбайқызы.

– ұзақ мерзімді инфекция. Бастапқы кезеңдерде жатыр мойны обыры елеулі белгілерді көрсетпеуі мүмкін, бұл оны уақтылы анықтауды қиындатады. Ауру дамыған сайын әдеттен тыс вагинальды разряд, етеккір арасындағы қан кету, жыныстық қатынас кезінде ауырсыну және жамбас аймағындағы ыңғайсыздық сияқты белгілер пайда болуы мүмкін» дейді Астана қаласы Көпсалалы медицина орта-



СКРИНИНГТІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

Адам папилломавирусы – тері мен шырышты қабықтарды жұқтыруы мүмкін вирустардың 200-ден астам түрінің тобы. Бұл түрлердің кейбірі онкогенді және жатыр мойны обырын, сондай-ақ басқа да онкологиялық ауруларды, соның ішінде жыныс мүшелері мен жұтқыншақ обырын тудыруы мүмкін. «HPV негізінен, жыныстық қатынас арқылы беріледі, бірақ жұқтырған теріге немесе шырышты қабаттарға тиген кезде де жұғуы мүмкін. Жатыр мойны обыры – жатыр мойнындағы қалыптан тыс жасушаларда дамиды, оны қынаппен байла-ныстыратын жатырдың төменгі бөлігі. Оның пайда болуы себебі

лығының жатыр мойны патологиясы бөлімшесінің басшысы, онкогинеколог Бақытжан Әлібекова. Оның пікірінше, жатыр мойны обырының скринингі аурудың дамуын болдырмауға немесе емдеуді ерте бастауға мүмкіндік беретін қатерлі ісікке дейінгі өзгерістер мен қатерлі ісіктерді ерте анықтауға бағытталады. Ол екі әдістен тұрады. Біріншісі, ПАП сынағы (цитологиялық зерттеу). Ол бойынша жатыр мойнындағы қатерлі ісікке дейінгі өзгерістерді көрсете алатын қалыптан тыс жасушаларды анықтау үшін жасалады. Сынақ емделмеген жағдайда қатерлі ісікке әкелуі мүмкін жасушалардың болуын анықтауға мүмкіндік береді. Ал екіншісі – HPV сынағы. Яғни, жатыр мойны обырының дамуының негізгі

қауіп факторлары болып табылатын жоғары онкогенді HPV түрлерінің болуын анықтайды. Бұл тест көбінесе ПАП тестімен бір уақытта жасалады.

ТҰРАҚТЫ ТЕКСЕРІЛУ КЕРЕК

Сонымен, мамандар ұсынған скринингтер туралы айтайық. Скрининг 21 жастан бастап ұсынылады. 21 мен 29 жас аралығындағы әйелдер әр 3 жыл сайын ПАП-тест тапсыруы керек. 30 бен 65 жас аралығындағы әйелдер әр 5 жыл сайын ПАП-тест пен HPV тестінің комбинациясын немесе әр 3 жыл сайын тек ПАП-тест тапсыра алады.

«Тұрақты скринингтік тексеру жатыр мойны обырының даму қаупін айтарлықтай төмендетеді және ауруы бар әйелдердің болжамын жақсартады. Жатыр мойны обырының скринингі көптеген емханалар мен медициналық орталықтарда мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламасы арқылы тегін жүргізіледі. Жатыр мойны обырының скринингтің мемлекеттік бағдарламасы әйелдер үшін маңызды профилактикалық шараны қамтамасыз етеді. Үнемі скринингтен өту және оның маңыздылығы туралы хабардар болу жатыр мойны обырымен күресуде, оның алдын алуда және елдегі әйелдердің денсаулығын жақсартуда маңызды рөл атқарады» деп түйіндеді онкогинеколог Бақытжан Советқызы.

Жаңа оқу жылы басталысымен 4 миллионға жуық оқушы қайтадан партаға отырады. Осы ретте ата-аналар балаларының жаңа тәртіпке бейімделіп, сабаққа зейінін аударуына көмектесуі керек. Аз қимылдау, гаджеттерді тым көп пайдалану сияқты заманауи сын-қатерлер балалардың денсаулығына теріс әсер етіп, олардың көру қабілетін нашарлатады, бойын тіктеп ұстамау, зейін қоймау мәселелерін туындатып, сонымен қатар ұйқының бұзылуына әкеледі. Оның үстіне көптеген оқушылардың бойында созылмалы аурулар, артық салмақ, тіпті семіздік осы бастан-ақ бар екенін ескеру керек.

ОҚУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ ОЙЛАНТАДЫ

Денсаулық сақтау министрлігі мен Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы оқу жылы ішінде балалардың денсаулығын сақтап, нығайту үшін келесідей шараларды ұсынады.

Күн тәртібін дұрыс құрыңыз. Төменгі сыныптар үшін үй тапсырмасын 1,5-2 сағаттан аспайтын уақыт ішінде, ал жоғары сыныптар үшін 3-4 сағатта әрбір 40 минут сайын үзіліс жасай отырып орындату керек.

Ұйқысының қанық болуы да өте маңызды. 7-10 жастағы балалар үшін 10-11 сағат, 11-14 жастағы балаларға 9-10 сағат, 15-17 жастағы жасөспірімдерге 8-9 сағат ұйқы керек.

Тамақ рационынан зиянды тағамдарды алып тастап, дәрумендер қабылдауын қамтамасыз етіңіз. Оқушылар жиі-жиі, яғни күніне 4 рет тамақтануы керек, ал бірінші сынып оқушылары мен спортшылар 5 рет тамақтанғаны жөн. Семіздік қаупін арттырып, басқа да ауруларға бастайтын жалған сусындар, фаст-фуд, снэкттерді жеуін шектеген дұрыс.

Баланың сабақ оқитын орнын дұрыс қойып беріңіз. Сабақ оқитын орнына сырттан да жарық жақсы түсіп, қосымша үйдегі электр жарығы да түсіп тұруы тиіс. Жиһаз баланың бойына сәйкес келіп, биіктігі жағынан реттелетін болуы қажет. Баланың дұрыс отыруына қолайлы орын жасау оның бойын тік ұстамау проблемасын туындатпауға септік етеді.

Мектеп киімі денсаулыққа қауіпсіз, қолайлы, табиғи матадан тігілуі керек. Аяқ киімін табанын қыспайтындай, кигенде қан айналым дұрыс болатындай етіп таңдау қажет.

Мектепке ұстайтын рюкзакта салмақ бір-келкі бөлініп, оның сыртында жарық шағылыс-



тыратын элементтер болуы керек. Рюкзактың салмағы төменгі сыныптар үшін 700 грамнан, ал жоғары сыныптар үшін 1000 грамнан аспауы қажет.

Гаджет ұстауды шектеу. Гаджеттердің көздің көруі мен зейін қоюына теріс ықпал ететінін ескере отырып смартфондар мен басқа да құрылғыларды қолдану уақытын қысқартуға кеңес беріледі. Санитарлық ережелерде компьютерлік сабақтардың үздіксіз ұзақтығы регламенттелген. Сонымен бір сабақ кезінде (45 минут) тікелей персоналды компьютермен, планшет және ноутбукпен жұмыс істеу уақыты былай көрсетілген: мектепалды, мектепке дейінгі топтарға (сыныптарға) және 1-сыныптарға 15 минуттан көп емес, 2-3-сыныптар үшін 20 минуттан аспайтын; 4-8-сыныптарға 25 минуттан көп емес; 9-11 (12) сыныптар үшін 30 минуттан асырмайтын уақыт қана беріледі.

Гигиена және аурулардан қорғау. Жеке гигиена мен қоршаған орта тазалығын сақтау аурулардың алдын алу үшін қажет. Балалардың қалтасына антисептиктер салып қойыңыз, онымен бала тек қолын ғана емес, қолымен көп ұстайтын смартфон, сөмкесінің тұтқасын және т.б. заттарды залалсыздандырып отырады. Қолды жиі жуу және әсіресе, тұмауға қарсы вакцина алу баланың суық тию маусымында қорғауға көмектеседі.

Осы кеңестерді сақтау бүкіл оқу жылында баланың дені сау болуын қамтамасыз етеді.



№106 (4694) 05/09/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 9 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ. ҚАЗАҚ КҮРСЕСІ.
13:00 «Тату-тәтті». Реалити шоу
14:45 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ. ҚАЗАҚ КҮРСЕСІ.
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 ТҰСАУКЕСЕР! «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». Телехикая. 1-бөлімі
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама.
0:40 «Ашық алаң».
1:25 «Сана»
2:30 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:00 «Жәдігер»
4:25 «Інжу-маржан»



5:00 МЕГАХИТ. "И ГРЯНУЛ ШТОРМ"
7:00 "ОЯНИ"
10:00 "PRESIDENT"
10:25 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:20 "АРТУР И МИНИПУТЫ"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕЛІНЖАН"
13:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ФАТМАГҮЛ"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨЗ ҮЙІМ"
16:00 V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ. "АУДАРЫСПАҚ".
18:00 "ӘСЕМ ӘНДЕР"
19:00 ТОК ШОУ. "ТАЛҚЫ"
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ФАТМАГҮЛ"
22:00 "КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ"
22:50 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ 2"

ASTANA TV

06:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06:50 «Жұрттың балалары»
07:10 «Маша и медведь» Мультсериал
09:00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10:20 «Склифосовский 7» телесериал
11:40 «Күлпаштің хикаялары»
12:30 «Зың-Зың Күлпаш» телехикаясы
14:35 «Серебрянный бор» телесериал
18:15 «Дурная кровь» телесериал
19:20 «Жүрек үні» Тұсаукесері телехикаясы
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21:55 «Адақсан сезім» үнді телехикаясы
